

Күзет қызметі саласының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 21 маусым N 82-ө

"Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы Z000085_ Заңын күзет қызметінің субъектілері Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қызметті ретке келтіру бөлігінде іске асыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметінің барлық түрін жүзеге асыратын, сенімгерлік басқаруында жеке күзет ұйымдары бар, олардың құрылтайшылары (қатысушылары) болып табылатын, сондай-ақ күзет бөлімшелері бар жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар болып табылатын барлық шетелдік заңды тұлғалардан, шетелдік қатысуы бар заңды тұлғалардан, шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан лицензияларды қайтарып алуға қажетті шаралар қабылдасын;

қауіпсіздігін техникалық жүйелеріне, жабдығына, аппаратурасына және басқа да күзет пен дабыл белгілері құралдарына, механикалық және арнаулы қорғану құралдарына халықаралық талаптармен үйлестірілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттарын әзірлесін;

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің, Қорғаныс министрлігінің, Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің және Республикалық ұланның объектілерінен басқа, ерекше режимді, режимді, айрықша күзетілетін санатқа жатқызылған объектілерде, сондай-ақ мемлекеттік күзетілуі тиіс тіршілікті қамтамасыз ету объектілерінде қауіпсіздік жүйелерін жобалау, монтаждау, реттеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің немесе олардың бақылауымен қызметтің осы түрімен айналысуға белгіленген тәртіппен лицензия алған және объектілердің жоғарыда көрсетілген санаттарында жұмыс істеуге рұқсат нысаны бар субъектілердің жү р г і з у і н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

жеке күзетшілерге, жеке күзет ұйымдарының, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар күзет бөлімшелерінің, мемлекеттік органдар ведомстволық күзет бөлімшелерінің қызметкерлеріне өз қызметінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары,

сондай ақ құқық қорғау органдары үшін белгіленген нысандағы киім-кешекті, айырым белгілерін пайдалануға жол бермеу жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

2. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің Кеңесіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК